

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИНЖИНИРИНГ
УНИВЕРСИТЕТІ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері
Әбіш Кекілбайұлының туғанына 85 жыл толуына арналған
«ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
ЗАМАНӘУИ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР КОНТЕКСІНДЕ»
атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысуға шақырады.

Өтетін уақыты: 27 қараша 2024 жыл

Өтетін орны: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Негізгі мақсаты: Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығын қазіргі гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан зерделеу, көрнекті суреткердің жазушылық, публицистік, қайраткерлік еңбектерін талдау арқылы қоғамдық сананың жаңғыру жағдайындағы орны мен маңызын айқындау, гуманитарлық ғылымдағы заманәуи зерттеулерді насихаттау.

Конференция келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

1. Ә.Кекілбаевтың әдеби мұрасы: әдеби және тілдік зерттеулер
2. Ә.Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық ғылымдар контекстінде
3. Ә.Кекілбаев шығармашылығын оқыту мәселелері
4. Гуманитарлық ғылымдағы заманәуи зерттеулер

Келіп түскен материалдар конференциядан кейін жинақ болып басылады. Конференцияның жинағына баяндаманы енгізу үшін баяндама мәтіні ұйымдастыру комитетіне электронды нұсқада тапсырылады. Электрондық нұсқада баяндамалар **2024 жылдың 15 қарашасына** дейін қабылданады: adilet.kabylov@yu.edu.kz; baktybay.zhailovov@yu.edu.kz электронды поштасына немесе 130000, ҚР Ақтау қаласы, 32 шағын аудан, Ш. Есенов университетінің Бас ғимараты, ГО 203 каб. мекен жайына тапсыруға болады. Байланыс телефоны: 8(701)170-20-45; 8(701)2474933; 8(707)4771288. Конференция жұмысы туралы ақпарат: Ғылым және кәсіпкерлік бөлімі, 12-04 каб. Байланыс телефондары: +7(7292) 42-02-29, +7(7292)42-57-80.

ЖАРИЯЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Баяндамалар электронды нұсқада бір файл түрінде doc немесе rtf қабылданады. Баяндама файлы бірінші автор тегімен жазылуы керек (мысалы: Акаев.doc).

Жариялау материалдары: **ӘОЖ, андатпа, түйінді сөздер**, Word 6.0 бағдарламасында терілген – А4, шрифт Times New Roman Cyr, 14, шеттері 2,0 болуы қажет.

Андатпа мақала жазылатын тілде, бас жағында болады. (40-50 сөз). Андатпа ғылыми жұмыс жайлы қысқа мазмұн.

Түйінді сөздер мақаланың мазмұнын толығымен жариялауды қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір нақты материал үшін маңыздылығы жағынан 5 кілт сөзді көрсетіңіз.

Баяндама тақырыбы: бас әріптермен, ортасында; баяндамашы: толық аты-жөні, тегі, ұйымның толық аты-жөні.

Иллюстрации: Мәтінге сызбалар, суреттер және кестелер енгізуге болады. Сызбалар немесе суреттерден кейін түсіндірме жазбалар жазылады, шрифт көлемі 12 pt, ортасында, сызбалар нөмірленеді. Сызбалар *Word* бағдарламасында өңделеді. Сызба атауы сызба басында жазылады және нөмірленеді.

Формулалар: Microsoft Equation бағдарламасында өңделеді.

Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме тік жақшалармен жазылады [1, 2].

Пайдаланылған әдебиеттер «ӘДЕБИЕТТЕР» деп аталып, баяндаманың соңында жазылады. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне автордың аты-жөні, баяндама атауы, жылы, барлық парақтар беті жазылады.

БАЯНДАМАЛАР 2024 ЖЫЛДЫҢ 15 ҚАРАШАСЫНА ДЕЙІН ҚАБЫЛДАНАДЫ

Ұйымдастыру комитеті

Конференция жұмысына қатысу өтінімінің үлгісі

1	Тегі, есімі, әкесінің тегі (толық)	
2	Жұмыс орнының толық атауы	
3	Лауазымы, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі	
4	Ел, қала	
5	Байланыс телефоны (қаланың коды көрсетіледі)	